

Рудный қаласы әкімдігінің «№7 балабақшасы» КМҚК Ережесі

1. Біздің «№7 балабақша» КМҚК жұмысы 7-00-ден 19-00 –ге дейін
Ертеңгілік қабылдау уақыты 8-00ге дейін
Қалған уақытта бала тек Сіздердің көздеріңіздің алдында,
Тек Сіздердікі ғана.
2. Балабақшаға кешікпеу үшін, ертерек тұрыңыз,
Егер кешігіп қалсаңыз, баланы өзіңіз шешіндіріңіз,
Педагогтың басқа балаларға аударған зейінін
Өзіңізге аудармай, күн тәртібін сақтауға тырысыңыз!
3. Әр айдың 15-і күні төлем төлеуді ұмытпаңыз,
«Центр Кредит» банкісінен алған түбіртегіңізді
алуды да ұмытпаңыз!
4. Баланы балабақшадан тек ата-анасы,
Атасы мен әжесі, үлкен ағасы мен апасы алады.
Кім көрінгеннің алуына жол бермеңіз!
5. Құрметті ата-ана, баланы уақтылы алыңыз!
Балада сіздерді сағынып, күтеді!
6. Егер ауырып қалсаңыздар, үйде қалыңыздар.
Бала басқаларды ауыртпасын десеңіз
Тәрбиеші үйге жіберсе, ренжімей ,үйде емделген дұрыс.
Егер қатты ауырған жағдайда, бізге қоңырау шалып,
міндетті түрде ескертіңіз! Себебі,баланы келеді деп күтеді,
Оған арнап тамақ дайындайды.Осыған түсіністікпен қараңыз!
7. Баланы ауа-райына байланысты киіндіріңіз,
Киім бала қозғалысын шектемеуі керек.
Қыста жылы киіндіріңіз, бірақ оның терлемеуіне де көңіл бөліңіз.
Жазда – майка, сарафан, іш киім кисін,
Ыстықта бала артық киімді ұнатпайды.
Кепка, шляпка мен панамка кисін,
Баланы шынықтырып, денсаулығын нығайтыңыз!

8. Әртүрлі жағдай болуы мүмкін,
Сондықтан бала шкафына артық киім,
Майка, іш киім, шұлық, бет орамал
Салып қою артық болмайды.
Дене шынықтыру,хореография сабақтары үшін
Футболка, шорты, чешки оларға әрқашан қажет,
Сондықтан, осы қажеттілікті де ескеріңіз!
9. Егер мекен-жайыңыз, телефоныңыз ауысса,
Бізге хабарлауды ұмытпаңыз!
10. «№7 балабақша» КМҚК айналасында
Тәртіпті қатаң сақтаңыз, жеке көлікпен кірмеңіз,
Балаларға қауіп төндірмеңіз!
Көгалдандыру, абаттандыру жұмысына қатысып,
Гүл, ағаш отырғызуға, алаңдарды сырлап,
баяуға қатысыңыз!
Бұлардың бәрі Сіздің балаңыздың игілігіне арналады!
11. Баланың күн тәртібін бұзбаңыз,
Оны демалыс күндері де сақтаңыз!
Мамандар кеңесін қатаң түрде орындауға тырысыңыз!
Барлық ұсыныстарды есте сақтаңыз!
12. Бір мақсатқа жету үшін, баланы жақсы тәрбиелеу үшін
Ата-аналар жиналысынан қалмаңыз!
«№7 балабақша» КМҚК байланысты үзбеңіз,
Әрқашан белсенділік танытыңыз!
Түрлі мерекелерге қатысып, бала шығармашылығын
бірге дамытыңыз!
13. «№7 балабақша» КМҚК орныңызды жоғалтпаңыз,
Әрқашан бізбен байланыста болыңыз!!!

Шартты толықтай оқып, оны бұзбауға тырысыңыз!